



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ



«ПРОФЕССОР Ә. КҰРЫСНЖАНҰЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДҮНИЕ
ТІЛ, ТАРИХ, РУХАНИЯТ»

атты халықаралық ғылым конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

MATERIALS OF

The international scientific-theoretical conference titled
«PROFESSOR ABZHAN KURYSNZHANULY AND THE TURKIC
WORLD: LANGUAGE, HISTORY, SPIRITUALITY»





**Белгілі түрколог ғалым, филология ғылымдарының
докторы, профессор Әбжан Құрышжанұлының
85 жылдығына арналған**

**«ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДҮНИЕСІ: ТІЛ. ТАРИХ. РУХАНИЯТ»
халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы**

**The international scientific-theoretical conference dedicated
to the 85th anniversary of the famous Turkic scientist, professor
Abzhan Kuryshzhanuly titled**

**«PROFESSOR ABZHAN KURYSHZHANULY AND
THE TURKIC WORLD: LANGUAGE. HISTORY.
SPIRITUALITY»**

У
У
+
Ш
С
Ш

тілінен мұра болып тілімізге енген элементтерді біртіндеп аша түсу және жергілікті халық тілінің ерекшеліктерін зерттеп пайдалану – қазақ тілінің тарихы туралы мәліметтер табуда негізгі көздердің, амалдардың бірі. Ал, басқа түрлі көрші, әсіресе араб-парсы, елдерінің тілдерінен енген сөздерді зерттеу сөз (тіл) тарихын тексерудегі келелі, игілікті жұмыстардың оншалықты ауыз тұшырлық факторы бола алмайды», - деп салмақтаған екен [2; 317 б.].

Жоғарыда келтіріп өткен азын-аулақ мәліметтерді қорыта келгенде айтарымыз: Әбжан Құрышжанұлы – қазақ тіл білімі ғылымының түркітану саласына, оның ішінде қыпшақтану іліміне қомақты да сапалы үлес қосқан қазақ ғалымдарының алғашқысы. Ол өз ой-толғамдарын өз ортасында ғана емес, әлемдік дәрежеге көтеріп, әлем түркітанушыларының назарына ілініп қана қоймай, олардан қолдау тапқан ғалым. Оған дәлел – ғалым еңбектеріне Англия, Түркия, Чехия, Венгрия, Ресей, Өзбекстан, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген оң баға берілген пікірлер (қазірде баршаға аян), сондай-ақ еңбектерінің бүгінде АҚШ-тың Индиана университетінің, Англияның Кембридж университеттерінің кітапханаларынан орын алуы. Өзінің 200-ден астам ғылыми мақаласында, бірнеше іргелі зерттеулерінде, диссертациялық жұмыстарында өзі ұсынған ғылыми пікірлерін бұлтартпас дәлелдермен, тарихи мол деректермен шегелеп, терең де тұнғыық білімділігімен, ғылымға керекті сұңғыла қырағылығымен байыптап, тиянақты да батыл тұжырымдар жасаған алып та бірегей тұлға.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971.
2. Құрышжанұлы Ә. Тіл тарихы жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2011.

ЕСКІ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ АТАЛАР СӨЗІ (Әбжан Құрышжанұлының аудармалары бойынша)

Г.Н. СМАҒҰЛОВА*

ABSTRACT: The article deals with the peculiarities and educational significance of proverbs, sayings and winged words from ancient Turkic written inscriptions translated by the prominent representative A. Kuryshzhanuly in Kazakh turkology. Turkologist, Kypshak language researcher A. Kuryshzhanuly had been worked with Turkic written inscriptions text for a long time. As a result, he collected «Ancestral words» and introduced it to the present generation. The texts of translation are meaningful to the reader and it has been considered as memorable. Why it is memorable and easy to understand? Because, it is the mastery of translator. Wanton speech – proverbs and sayings in ancient Turkic written heritage translated from Kazakh language for the first time is considered as the great work of A. Kuryshzhanuly. Proverbs, sayings and winged words translated from ancient written inscriptions by A. Kuryshzhanuly had been changed into valuable treasure which increased the richness of Kazakh language.

Key words: Turkology, kypshak studies, translation studies, text, education, proverbs, sayings, aphorisms.

Түркітану ғылымының дамуы соңғы жылдары түбі бір түркі тілдестердің «түгелденуіне» үлкен ықпалын тигізіп жүргені ақиқат. Әсіресе «қыпшақтану» саласы бойынша жазылып, зерттеліп жатқан ғылыми пікірлер (оның ішінде Шыңғысханға қатысты деректер де бар) ғылыми көпшіліктің назарын аудартады.

Бұл ретте белгілі түрколог, қыпшақтанушы Әбжан Құрышжанұлының еңбектері қазақ тіл білімінде түркология саласында ғылыми ізденістердің көшбасшысы болғаны жұршылыққа мәлім. Кезінде академик Нығмет Сауранбаевтың ұстаздық ықпалымен түркологиялық зерттеулерге ден қойған ғалымның ұстаз алдындағы ғылыми борышы ақталғандай.

Мысалы, 2000 жылы академик Н.Т. Сауранбаевтың 90 жылдық мерейтойына орай үш томдық кітапты дайындау барысында өткен ғасырда Ә.Құрышжанұлының авторлығымен 1974 жылы Алматы, Ғылым баспасынан шыққан «Академик Н.Сауранбаев (Өмірі, қызметі және ғылыми мұрасы

* Г.Н. Смағұлова - филология ғылымдарының докторы, профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Алматы, Қазақстан

жайында) деген еңбегінен қазақ тіл білімінің тұңғыш докторы, тұңғыш академигі Н.Т.Сауранбаев туралы құнды мәліметтерді аталған кітаптан алып риза болып едік.

Сондай-ақ, ескі түркі жазба ескерткіштері туралы Н.Т.Сауранбаевпен бірге жазған «Кодекс куманикус» (1957), «Ескі түркі тілдерінің кейбір жазу (жазба) нұсқалары туралы деректер» (1958) атты ғылыми мақалалары арқылы Ә.Құрышжанұлының түркология саласына жасаған алғашқы қадамдары кейінгі түбегейлі зерттеу нысандарына идеялық бағыт пен бағдар болған баспалдақтар деуге болады.

Демек Ә.Құрышжановтың көне түркілік аудармалары кенеттен пайда бола салған шығармашылық үрдіс емес. Мәтіндерді ұзақ қарастырғаннан туған өзіндік ой, ниет - кейінгі ұрпақтарына мұра болып қалған дүние. «Түркі халықтарының рухани-мәдени, тарихи өмірінде, XI-XII ғасырларда жасаған ақыл-ой білімнің төрт алып тұлғасы бар: М.Қашқари, Ю.Баласағұни, А.Йүгнеки және А.Иассауи. Мен олардың туындыларын өзім үшін түгелдей қазақ тіліне аударып шықтым»- дейді ғалым. [1,4]. Мұндағы «өзім үшін» дегенін ғалымдық этика мен кішіпейілділік деп ұқтық.

Аударма авторы көне түркі тілдерінде жазылған мәтіндерді тәржімалау мәселесіне ерекше ыждағаттылық қажет екендігін «жүрдек жүріске түсіп ап, жорыта жөнелетін жеңілтек қолдың атүсті қарайтын жұмысы болмаса керек» деп ескертеді. Жалпы мақал-мәтелдер мен нақыл, сентенциялық сөздерді аударғанда аудармашының өзінде әлдебір ақындық қасиет пен сөздік парқын айыра алатын ой тереңдігі болуы шарт. Өмірбаяндық деректеріне қарасақ, Ә.Құрышжанұлының өзі де ақындықтан құралақан емес екен. Сондықтан болу керек, «төрт алыптың» құнды ойлары төрт аяғынан тең басқан жорға жүрістен жаңылмаған сәтті аудармалардың бірі десек артық айтпағандығымыз.

1987 ж. Жазушы баспасынан жарық көрген кітабы «Сөз атасы» деп аталады. Мұндағы қамтылған дүниелер «Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинақ). Автордың айтуынша, бұл алғаш рет түзіліп отырған жинақ. Аударма барысында мәтіннің мазмұнына қарай тақырыптық топтаулар іріктелген.

Мысалы, Адам туралы; Мінез құлық туралы; Көңіл күйлері; Туыстық қатынас және сыйласу; Халық туралы; «Жақсы» мен «жаман» жайында; «Бар» нәрсе мен «жоқ» нәрсе жайында; Рухани байлық; Табиғат көріністері; Өмір өткелдері. Кітапта көне жазбалардың авторлары мен олардың шығармалары туралы қысқаша мәліметтер келтірілген. Көркем әдебиет үлгілерінен де үзінділер бар.

Аударма мәтіндері мағына жағынан оқушыға мазмұнды, еске сақтауға ұтымды болып қабылданады. Себебі бұл аудармашы шеберлігі. Бір жол немесе қос тағанды бәйіттер - екі жолдан тұратын қысқа да нұсқа сөз орамдары оқуға жеңіл. Көбінесе екі жолдан, кейде төрт тағандардан - рубаяттардан тұратын аударманың ұйқасы да келісті.

Мысалы:

Қандай адам білім алса тәуірлеп
Сол ұшпаққа шығады екен дәуірлеп. (Ю. Баласағұни)

Білікті білім жинап кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып өсіп өтер,
Білдірер білім елге білім сырын
Біліксіз білімді аттап, бөсіп өтер. (А.Йүгнеки)

Құлақ естігенді көңіл сезеді
Көз көрген соң - ынтығы тез еді. (М.Қашқари)

Ә.Құрышжанұлы аударған ескі жазба ескерткіштерінің мәтіндерінен кез келген тақырып аясында оқушы мақал-мәтелдердің көл-көсір дайын тіркестерін тандап алады. Әрине, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер қашанда ой байлығын тіл байлығымен көмкеріп, қолданыс үшін тіл ұшында жүреді. Алайда авторы белгілі, дана тұлғалардың айтқандарынан қалған есті сөздерді еске алып, айтар сөзінің дәмін келтіріп тұздап отырса айтушыға да, тыңдаушыға да өнер.

Мәселен, рухани құндылықтардың негізі тіл өнері туралы аударма мәтіндерін талдағанда Ю. Баласағұни, А.Йүгнеки, М.Қашқари, Құтып, С.Сарайи ойлары дәйексөздер үшін сұранып тұрған және дәл қазіргі тілдік жұмсалымда қажеттіліктерді өтейтін дүниелер.

Ю.Баласағұни «Ақыл мен білімнің тілмашы - тіл» деген. Адам бойында қаншама ақылдың кені болса да, білімі тасыған дариядай болса да – бәрі тек тіл арқылы сыртқа шығады, көпшілікке танылады. Сөз құдіреті ғана ақыл мен білім деңгейін өзгелерге паш етеді. Ал мына жолдардағы:

«Тындап ал ескінің сөзін:

Есіңе ұста ашылар көзің»

«Көрінеді тілден түйсік, білім де

Біле білсең, жарылқаушы – тілің де» деп, Ю.Баласағұни тіл мен сөздің ерекше қызметін жоғары бағалап жеткізген. Ал «Ірі сөзге - ізетті жауап» дегенін сөз этикетін сақтаудың бағдары деуге де болады.

«Ақылды ма көп сөйлеген күбіне

Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.

Оқ жарасы жазылады, бірақ та,

Тіл жарасы жазылмайды - түбі не?»

«Ақымақтың тілі – бастың дұшпаны

Қан төгіліп, талай бастың ұшқаны.

Көп сөйлеген өкінеді түбінде –

Безей бермей ақылға сап ұста оны».

Мұны айтып отырған А.Йүгнеки. Оның «Тіл біреуді көтерсе, біреудің түбіне жетеді» деген де нақылды бар. Осыдан барып, бабалардан қалған «Басқа пәле – тілден» дегенді қазақтар жиі айтады.

Әдетте соңына асыл сөз қалдырған даналардың ойлары қайталанып жатса да, әрқайсысының сөз саптауы әркелкі болып келеді. Мұнда да аудармашының тіл шеберлігі байқалып тұрады. Мысалы:

Игі істің басы – тіл

Өнер алды – тіл

Тәрбие басы – тіл

Бұл - М.Қашқаридің нақылдарынан. «Әдеп басы – тіл» деген А.Йүгнеки. Адамдардың өзара қарым қатынасында сөз басты орында тұрады. «Кісі баласы сөйлескенше, Жылқы баласы – іскескенше» деп М.Қашқаридің айтатынындай, қай кезде болса да сөз бірінші кезекте. Жақсы істің бастамасы тек тіл арқылы шешіледі. Екі жақтың тіл табысуы, береке бірлігі мен ары қарай ортақ істегі аяқ алысы олардың өзара түсінісуіне байланысты.

Адамзатта қаншама өнер түрі бар. Бірақ өнер біткеннің алдын орап, ең ұшар бигінде тіл өнері көзге түседі. Өнердегі ой қазынасын ақтарып ұқтыратын да тіл. Демек қаншалықты өнерлі жан болса да, оны айналасымен, ортасымен табыстыратын да таныстыратын да мәнерлі, шешен, шебер тіл.

Ал «Тәрбие басы – тіл» деген қазір кез келген қазақтың лебізінде атойлап тұрған ұран сөз. Әрі қазақ қоғамындағы қазіргі ұлт тілінің тағдырына орай жиі қайталанып, қағидаға айналды. Осы нақылдың қайталана беретін себебі: бұрын өзге тілде (орыс) білім алған жандардың тәрбиесі мен мәдениеті өз ұлтының арасында өзгешелеу көрініп, тіпті орыстанған деген анықтауышпен айтылып жүрген. Ана тілімен берілмеген тәрбиенің нәтижесі өз ішінде өгей балаларды іріктеп шығарады. Олар өзінің ұлттық салт-дәстүрлерін мойындамай, өзге тіл арқылы берілген тәрбиенің әсерінен жат мәдениеттің жемісімен күн көреді. «Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер» деп Ю.Баласағұни айтқандай, өз тілін құрметтегендер ұлтының болашағын ойлағандар.

Ә.Құрышжанұлы «Аударма кейде сөзбе-сөз беріледі, кейде айтылар ойдың негізгі мазмұны мен идеясы ғана келтіріледі. Көне түркі тілдері мен қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемдердің құрылу жүйесі, жалпы алып қарағанда, бірдей болғандықтан ... оларды аудару үстінде түпнұсқаның ішкі сыр мен сыртқы сипатын бұзбауға тырыстық» дейді.

Қазақ тіліне алғаш аударылған ескі түркі жазба мұраларындағы өрнекті сөздер – мақал-мәтелдер Ә.Құрышжанұлының сүбелі еңбегі деп танылады.



Ә.Құрышжанұлының көне жазба ескерткіштерінен аударған мақал-мәтелдері мен қанатты сөздері қазақ сөздерінің шырайын кіргізіп, тіл байлығын еселеп арттыратын асыл қазынаға айналды.

Жастарға білім беру, оқыту және тәрбиелеуде бабалардан қалған аталар сөзінің мәні мен мағынасы ерекше. Ә.Құрышжанұлының аудармалары арқылы көне түркі жазбалар тілінен бізге жеткен әрбір нақыл сөздің астарында айтылатын ақыл мен білімді меңгерту үшін даналықпен өмір сүрген бабалар мұрасын зерделеп, талдап таныстырып отыру – бүгінгі ұстаздарға міндет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы, 2001.471б.

МАЗМҰНЫ

1	НӨКЕТАЕВА Д.Ж.	АЛҒЫ СӨЗ	3
2	ҚАЖЫБЕК Е.З.	ӨМІРІ – ЕРЛІК Профессор Әбжан Құрышжанұлы өнегесі	4
3	Профессор Ә. ҚҰРЫШЖАНОВ туралы ой-пікірлер		6
4	СЕЙІЛХАНОВ О.	Әбжан атаға арнау	7
<p>1-СЕКЦИЯ. ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚТАНУ ІЛІМІ</p> <p style="text-align: center;"></p> <p>PROFESÖR A.KURIŞJANOĞLU VE KIPÇAK DİL BİLİMİ</p>			
5	САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.	Әбжан Құрышжанұлы: Ұстаз. Ғалым. Азамат. Қиянатты жеңген бекзаттық	10
6	МАНКЕЕВА Ж.А.	Профессор Ә.Құрышжанов зерттеулеріндегі антропоэзектік үрдіс	11
7	ТЫМБОЛОВА А.О.	Көне тілдің құпиясын қазған ғалым	14
8	ҚҰДАСОВ С.Ж.	Қыпшақтану ғылымының негізін салған ғалым	15
9	СЕМБИЕВ Қ.З.	Құрметті қыпшақтанушы Құрышжанов	19
10	БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ З.	Гибратты ғұмыр	21
11	ҚОСЫМОВА Г.	Профессор Ә.Құрышжанұлы және тарихи шындық	23
12	САЛҚЫНБАЙ А.Б.	Қазыналы Әбжан Құрышжанұлы	27
13	САТБЕКОВА А.А.	Ғалым гибраты	30
14	КАНИБАЕВА Л., ҚАЗМАҒАМБЕТОВ А.А.	«Жүрегім әрбір соққанда, қағазға бір сөз түсер»	33
15	ЕРМЕКОВА Т.Н., ОДАНОВА С.А., МАМИЕВА А.Н.	Профессор Ә.Құрышжанұлы және қыпшақ тілінің халықаралық мәртебесі	37
16	ҚҰНДАҚБАЕВА Л.Ш.	Әбжан Құрышжанұлы – қазақ қыпшақтану ілімінің негізін қалаушы	40
17	СМАҒҰЛОВА Г.Н.	Ескі түркі жазбаларындағы аталар сөзі	43
18	БАЛТАБАЕВА Ж.Қ.	Ғалым ғылымы ғұмырлы	46
19	МАЖИТАЕВА Ш., РАПИШЕВА Ж.Д.	Профессор Ә.Құрышжанов еңбектеріндегі әдеби тіл мәселелері	49
20	ШОЙБЕКОВА.Ғ.Б., РЫСПАНБЕТОВА С.	Әбжан Құрышжанұлы еңбегінің бағалануы	52
21	АМАНГЕЛДІ Г.	Ұлы даланы күмбірлеткен дешті қыпшақтың ұрпағы	53
22	ҚАНАБЕКОВА М.Қ.	Ә.Құрышжанұлы зерттеуінің тіл тарихындағы маңызы	56
<p>2-СЕКЦИЯ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ</p> <p style="text-align: center;"></p> <p>TÜRK DİLLERİNİN TARİHİ VE TEORİK MESELELE</p>			
23	ҚАЙДАР Ә.	Қыпшақтанудың бір бұлағы – тіл	59
24	Fikret TÜRKMEN (Ege Üniversitesi, Türkiye)	Türk dünyasında ortak değerlerimiz türkmenistan sözlü geleneğinde Dede Korkut efsaneleri	62
25	АБДЫРАЗАКОВ А. (Кыргыз Республикасы)	Орхон-Енисейдегі ташка жазылған байыркы эстеликтер	66
26	МЕКТЕП-ТЕГІ А.	Мәңгілік ел және Алаш идеясы: ТАСҚА БӘДІЗДЕЛГЕН ТАРИХ	68

**Белгілі түрколог ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор Әбжан Құрышжанұлының 85 жылдығына арналған
«ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДҮНИЕСІ:
ТІЛ. ТАРИХ. РУХАНИЯТ» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы**

**The international scientific-theoretical conference dedicated to the 85th anniversary
of the famous Turkic scientist, professor Abzhan Kuryshzhanuly titled
«PROFESSOR ABZHAN KURYSHZHANULY AND THE TURKIC WORLD:
LANGUAGE. HISTORY. SPIRITUALITY»**

20.11.2015 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84⁸

Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times New Roman»

Шартты баспа табағы 50,3

Таралымы 100 дана

Тапсырыс №229

«Қыздар университеті» баспасы.

050000, Алматы, Гоголь көшесі, 116 үй